

**Үгіттік баспа материалдарын орналастыру арналған орындарын анықтау туралы**

***Күші жойған***

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 17 қыркүйектегі № 302 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 қазанда № 9-19-139 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімінің 2011 жылғы 21 ақпандағы № 216 хатымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімінің 2011.02.21 № 216 хатымен.**

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындары анықталсын (қосымшаға сәйкес).
2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұзынкөл ауданы әкімінің*  
*міндетін атқарушы* *Н. Болатов*  
**КЕЛІСІЛДІ:**

*Ұзынкөл аудандық аймақтық*  
*сайлау комиссиясының төрағасы*  
*Н. Ағытаев*

*2010 жылғы 17 қыркүйекте*  
2010 жылғы 17 қыркүйектегі  
№ 302 әкімдіктің қаулысына  
қосымша

**Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындары**

Киров селосы, "Арман" дүкені ғимаратының жанында;  
Иваноровное селосы, "Наурызбаева" жеке кәсіпкердің дүкені ғимаратының жанында;

Ксеньевка селосы, "Лиза" дүкені ғимаратының жанында;  
Федоров селосы, "Веста" дүкені ғимаратының жанында;  
Үкіятқан селосы, "Мусин" шаруа қожалығы кеңсесінің жанында.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК